

З.Г. Сактаганова, Т.Қ. Сақабай*, К.Т. Бодеев

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: zauresh63@mail.ru; tolkinist78@mail.ru; bodeev-78@mail.ru)*

Батыстық тарихнамадағы Қазақстандағы ашаршылық тарихы мәселелері (1931-1933 жылдар)

Мақалада авторлар батыс ғалымдарының жарияланған зерттеулері негізінде 1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы аштық проблемасын зерттеу дәрежесін анықтайды. Авторлар тарихнамалық материалды хронологиялық негізде үш топқа бөледі. Бірінші топқа 1930 жылдардың бірінші жартысындағы; екінші топқа — 1980 жылдардың басы — 1990 жылдардың соңындағы; үшінші топқа — 1990 жылдардың соңы — 2000 жылдардағы еңбектер кіреді. Сондай-ақ батыстық зерттеушілердің тарихнамалық деректік базасына қысқаша талдау жасалып, олардың еңбектеріндегі қамтылған мәселелер қарастырылған. Батыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі ұжымдастыру, отырықшылыққа көшіру, ет және астық дайындау мәселелеріне назар аударылды. Сонымен қатар зерттеулерде аштықтың себептері, ауқымы мен салдары, демографиялық шығындар сияқты аспектілер қамтылғандығы көрсетіледі. Батыс ғалымдары КСРО-дағы аштық жоспарланған ісшара емес, кеңес өкіметі басшылығының ойластырылмаған саясатының нәтижесі болды деп тұжырым жасайды. Бұл кезеңдегі мемлекеттік саясат ауыл тұрғындарын экономикалық ресурс көздері ретінде пайдалануға бағытталғандығын көрсетеді.

Кілт сөздер: батыстық тарихнама, ашаршылық, зұлмат, ұжымдастыру, ет дайындау, астық дайындау, кезеңдеу, ашаршылық себептер, адам шығыны.

Kipicne

XX ғасырдың 1920-30-жылдары қазақ халқының тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір салтының дәстүрлі құрылымына әсер еткен ірі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер болды. Осы өзгерістер қазақ даласындағы экономикалық жүйе — көшпелі дәстүрлі жүйені күйретті. Көшпелі мал шаруашылығы Қазақстанның негізгі шаруашылық түрінің бірі болғандықтан, халықтың өмір сүру салты, мәдениеті, әлеуметтік-экономикалық құрылымы онымен тығыз байланыста болды. Өзгерістердің салдары 1930 жылдардағы қазақ тарихындағы зұлмат ашаршылыққа алып келді. Қазақстандағы ашаршылықтың ауқымдылығы отандық және шетелдік ғалымдардың осы мәселені терең зерттеуіне түрткі болды. Нәтижесінде қазақ даласындағы ашаршылық тарихы туралы бірқатар еңбектер жарыққа шықты.

Батыста 1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық тарихын іргелі түрде зерттеу тек 1990 жылдардың соңында басталды. Бұл КСРО-ның ыдырауымен және архив құжаттарының қолжетімді бола бастауымен байланысты еді. Осы зерттеулердің нәтижесінде 2000 жылдары Қазақстандағы аштық апатына қатысты Еуропаның бірқатар елдері мен АҚШ-та іргелі ғылыми еңбектер жарыққа шықты. Оның өзіндік себебі де жоқ емес, қазіргі таңда осы тақырыпты саяси жағынан қарастыру кең етек алуда. Кейбір еңбектерде ашаршылық орталық биліктің алдын-ала жоспарланған қазақ этносына жасаған қиянаты ретінде бағалануда. Сонымен қатар осы уақытқа дейінгі шыққан зерттеулерде ашаршылықтың себептері мен оның салдарынан болған демографиялық шығынына қатысты мәселе төңірегінде отандық, шетелдік авторлар түрлі пікір ұстанып отыр. Осыған байланысты 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тақырыбын қарастырған шетелдік, оның ішінде батыстық авторлардың еңбектеріне назар аудардық.

Зерттеудің әдістері мен мәселенің тарихнамасының кезеңдері

Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізіне осыған дейінгі тарихнамалық тұрғыда жарияланған авторлардың теориялық тұжырымдамалары алынды. 1930 жылдардағы КСРО-дағы ашаршылық мәселесін қарастырған шетелдік зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында анализ, синтездеу сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Сонымен қатар жүйелеу әдісі батыстық

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: tolkinist78@mail.ru

ғалымдардың Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың себеп-салдарын, барысын қарастырудағы ортақ ой-пікірлерін, сонымен қатар ашаршылықтың демографиялық шығындарын саралаудағы тұжырымдарын жүйелеуге септігін тигізді. Ашаршылықтың алғышарттарын (ұжымдастыру, отырықшыландыру, ет, астық дайындау) қарастырған батыстық зерттеушілердің еңбектерінің ортақ белгілерін, ерекшеліктерін қарастыру барысында, сонымен қатар түрлі тарихи тұжырымдамаларды салыстыруға және кәмпескелеу, ұжымдастыру сияқты күрделі тарихи процестерге қатысты шетелдік зерттеушілердің пікірлерін бағалауға салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. Шетелдік (батыстық) тарих ғылымындағы Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық проблемасына қатысты зерттеулердің жариялану кезеңдерін, сонымен қатар әр кезеңдегі шетелдік зерттеушілердің ғылыми ой-пікірлері, көзқарастары, идеялары мен тұжырымдарына талдау жасауда хронологиялық әдісті қолдандық. Бұл өз кезегінде 1931-1933 жылдар кезеңінде Қазақстандағы ашаршылық тарихы бойынша тарихнамалық білімдердің жинақталу заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді. Батыстық тарихнамадағы 1930 жылдардағы ашаршылықты зерттеудің даму кезеңдерін, бағыттары мен ерекшеліктерін анықтауда кезеңдеу әдісін қолдандық. Проблемалық-хронологиялық әдіс проблемалық тарихнамалық блоктар мен тарихнама кезеңдерін бөліп көрсетуге және зерттеушілердің 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың себеп-салдары сияқты тарихтың жеке мәселесін зерттеуге ықпал етті.

Теориялық-методологиялық және тұжырымдамалық әдіс-тәсілдерге, қолданылған деректердің ерекшеліктеріне, қарастырылатын проблемалардың шеңбері мен тереңдігіне байланысты және осыған дейінгі жарыққа шыққан зерттеулердің кешені негізінде қарастырылып отырған проблеманың тарихнамасын үш топқа бөлуге болады: 1) шетелдік (батыстық, шығыстық, посткеңестік), 2) кеңестік. 3) қазіргі Отандық (1991 жылдан бастап жарияланған Отандық зерттеушілердің еңбектері).

Мақалада ашаршылық тарихына қатысты шетелдік, оның ішінде батыстық, яғни Батыс еуропалық және америкалық зерттеушілердің еңбектерін қарастырамыз. Егер ашаршылық тарихын зерттеу кезеңдері туралы айтатын болсақ, онда біздің ойымызша, тарихнамадағы тақырыптың даму траекториясын бақылауға мүмкіндік беретін бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетуге болады.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық проблемасы бойынша жарияланған шетелдік зерттеулерді қарастыра отырып, мәселенің шетелдік (батыстық) тарихнамасын 3 кезеңге бөліп көрсеттік: 1-кезең (1930 жылдардың бірінші жартысы) — шетелдік баспасөзде КСРО-дағы ашаршылық туралы алғашқы хабарламалардың жариялануы. Бұл кезеңдегі ашаршылық туралы мәліметтер мерзімдік басылым беттерінде хабарлама, сонымен қатар дипломатиялық хабарламалар, жолжазбалар, куәгерлердің естелік түрінде болды (Малькольм Маггеридж, Элла Майар, Уильям Чамберлен, Аманда Эвальд т.б.). Проблемаға қатысты жарияланған бұл мәліметтер публицистикалық сипатта еді. Бұдан кейін 1960 жылдарға дейін батыстық тарихнамада проблемаға қатысты зерттеулер үзіліп қалды (оның себептерін мақаламыздың нәтижелер бөлімінде түсіндіреміз). 2-кезең (1980 жылдардың басы — 1990 жылдардың соңы) — кеңестік ұжымдастыру, ұжымдастыру кезіндегі шаруалардың қарсыласу тарихы бойынша алғашқы зерттеулердің пайда болуы (М. Олкотт, Р. Конквест, Л. Виолла, Ш. Шпицпатрик). Екінші кезеңде Қазақстандағы ашаршылық жеке, арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Тек М. Олкотттың еңбектерінде ғана Қазақстан жеке мәселе ретінде қарастырылды; 3-кезең (1990 жылдардың соңы — 2000 жылдар) — Қазақстандағы ашаршылық пен оған себеп болған тарихи оқиғалар арнайы зерттеу нысанына айналған іргелі монографиялық зерттеулердің пайда болуы (И. Огайон, Н. Пианчола, Р. Киндлер, С. Камерон т.б.).

Итальяндық зерттеуші Н. Пианчола: «Қазақстандағы ұлы ашаршылық 1980 жылдарға дейін, кеңестік және Орта Азия тарихының осы маңызды кезеңіне деген қызығушылық қайта ояна бастағанға дейін шетелде мүлдем жарияланбады. Бұл қызығушылықтың пайда болуына кеңестік тарихи журналдарда қайта құру кезінде пайда болған алғашқы зерттеулер ықпал етті», — деп жазады [1; 101].

Шетелдік (батыстық) тарихнаманың үшінші кезеңінде әсіресе, 2000 жылдардың соңынан батыстық зерттеушілердің ашаршылық тарихына назар аударуына архив құжаттарын құпиясыздандыру ықпал етті. Зерттеушілер үшін 1930 жылдардағы қайғылы оқиғалар: аштық, ұжымдастыру, колхоздастыру және қазақтарды отырықшыландыру процесі, сталиндік саяси қуғын-сүргін, депортация тарихын зерттеуге өріс ашылды. Бұл кезеңге И. Огайон, Р. Дэвис, С. Уиткрофт, Н. Пианчола, Р. Киндлер, С. Камерон т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Мақаланың негізін Қазақстандағы 1930 жылдардағы ұжымдастыру, халықты отырықшыландыру, колхоздастыру, астық ет, дайындау сияқты науқандардың ашаршылыққа қаншалықты ықпал еткені жөніндегі

проблемаларға байланысты шетелдік оның ішінде батыстық (Батыс еуропалық және АҚШ) зерттеушілердің еңбектері құрайды.

Нәтижелер және оларды талқылау

1-кезең (1930 жылдардың бірінші жартысы) — шетелдік баспасөзде КСРО-дағы ашаршылық туралы алғашқы хабарламалардың жариялануы. Бұл кезеңдегі ашаршылық туралы мәліметтер газет беттеріне хабарлама, сонымен қатар дипломатиялық хабарламалар, жолжазбалар, куәгерлердің естелік түрінде болды (Малькольм Маггеридж, Элла Майар, Уильям Чамберлен, Аманда Эвальд т.б.). Бұдан кейін 1964 жылы американдық ғалым Дана Далримплдың мақаласы жарық көргені болмаса, 1980 жылдарға дейін ашаршылық тақырыбына байланысты проблемалар ғылыми зерттеулерде көрініс таппады деп айтуға болады. Яғни, бұл кезеңде батыстық тарихнамада проблемаға қатысты түбегейлі зерттеулер бола қойған жоқ. Сонымен қатар қарастырылып отырған кезеңде проблемаға қатысты мәліметтер публицистикалық сипатта болды.

КСРО-дағы ашаршылық туралы алғаш батыстық басылымдарда жарияланған хабарламаларда Ресей, Украина, Солтүстік Кавказ аумақтарындағы аштыққа ұшырағандар туралы мәліметтер жарияланды. КСРО-дағы аштық оқиғалары туралы алғаш рет шетелдік баспасөз беттерінде жария еткен ағылшын журналисі Малькольм Маггеридж болды [2]. 1933 жылы «Манчестер гвардиан» газетінде ол Украина мен Солтүстік Кавказға сапар шегу туралы өзінің әсерлері туралы айтып, ауыл тұрғындарының ашаршылық көріністерін және адамдардың жаппай қырылуын сипаттайды. Ол көзімен көрген жағдайды былай деп баяндайды: «Большевиктер режимінің барлық сұмдығы, ең алдымен ауылда көрінеді. Дәл сол жерде большевиктер тарих білетін ең ауыр қылмыстардың бірін жасады. Бұл қылмыстың жағымсыз болғаны соншалық, олар болашақта мұндай жағдай орын алуы мүмкін деп сенбейді. Украинаға немесе Солтүстік Кавказға барыңыз. Бұл бір кездері Ресейдегі ең бай және құнарлы аудандардың бірі болған. Енді сіз онда шөл даланы көресіз. Арамшөп қаптаған алқаптар, мал жоқ. Тірі қалған тұрғындар ісініп, өліп жатыр. Мен Украина және Солтүстік Кавказдағы өмір сүру жағдайларын өз көзіммен көрдім. Түрлі дереккөздерден — орыстардан, шетелдіктерден және тіпті коммунистерден бүкіл орыс ауылдарының дәл осындай жағдайда екенін естідім...» [3]. Маггеридж өзінің хабарламаларында шаруалардың жаппай аштыққа ұшырап, қырылуы туралы жазады, бірақ нақты қанша қырылғаны туралы айтпайды.

Сол кездегі КСРО-дағы аштықтың көлемі туралы өз көздерімен көрегендерін баяндаған Украина жерінде жұмыс жасаған инженер, жұмысшылардың естеліктерінен байқауға болады. Солардың бірқатарынан үзінді келтірсек: Чех жұмысшысының хатынан үзінділер (Украина): «1933 жылдың жазы. Липецктен шыққаннан кейін мен Кривой Рогқа келдім. Нұсқаушы лауазымында мен айына 350 рубль [жалақы] алдым. Бірақ біздің күнделікті тұтынатын тағам мөлшері нашарлай берді және әйелім екеуміз ұн алуды армандайтынбыз. Азық-түлік бағасы өсуде. Біз тамақ алу үшін киімімізді, іш киімімізді, аяқ киімімізді сатуға мәжбүр болдық. Аштықтың көлемінің өскені соншалықты, адамдар өлексе жей бастады. Аштықтан өлген жылқының өлекесін адамдар жануардың өлгенін немесе өлтірілгенін анықтайтын комиссияның келуін күтпестен дереу бөліктерге бөліп алды (бізде барлық жылқылар есепте). Мен кетіп бара жатқанда, орыстар маған: «сенің баратын жерің бар, біз осында өлуіміз керек», – деді [3].

1933 жылы маусымда Ресейден оралған американдық жұмысшының хатының үзінділері: «...Аштық Ресейдің барлық жерінде, әсіресе Украинада кең таралған. Нанды алу мүмкін емес. Харьковта ет мүлдем жоқ. Мен базарларда тіпті адам етінің сатылғанын естідім. Мұны бәрі біледі, бірақ адамдар бәрібір алады. Тұтқындарға қарамастан, сауда жалғасуда» [3]. Келесі бір естелік Ресейден оралған неміс инженерінің хатының үзінділері: «1933 жылдың жазы. ...Мен барлық неміс жұмысшыларын, техниктері мен инженерлерін ескертіп, олардың КСРО-ға баруларын мақұл көрмеймін. Оларды ескертуді өз міндетім деп санаймын. Ондағы өмір сүру жағдайлары адам төзгісіз. Ондағы аштық әдеттегі жағдайға айналды. Ірі кәсіпорындардың жұмысшыларының жартысынан көбі негізгі өнімдердің жетіспеушілігінен жұмыстан шығарылды. Бізге шетелдіктер ретінде карточкалар беріледі. Бірақ біз олардың көмегімен ештеңе сатып ала алмаймыз. Германиядағы жұмыссыздың өмір сүру жағдайы КСРО-дағы инженерге қарағанда жақсы. Бірнеше айдың ішінде шетелдіктер КСРО-дан жаппай кетіп жатыр», — деп баяндайды [3].

КСРО-дағы 1930 жылдардағы болып жатқан оқиғалар туралы мәліметтерді жариялаған швейцариялық саяхатшы, жазушы, фотограф Элла Майар болды. Ол Түркістанға 1932 жылы келіп, бұл өлкедегі саяхаты жеті айға созылады. Нәтижесінде «От Небесных Гор до Красных песков» атты

кітап жазады, оның ағылшын тіліндегі атауы «Туркестан-соло» деп аталады [4]. Зерттеуші Бақыт Садықова: «Ол 1932 жылғы оқиғалардың куәгері ретінде өткен тарихты баяндауымен шектелмей, жаңа тәртіптің дәстүрлі шаруашылықты күйретуімен бірге, Орталық Азия халықтарының ұлттық санасын өзгертіп жібергені туралы пікірін жазды» [5; 29]. Бұл үзінді қазақстандық авторлардың зерттеулерінен алынды. Қарастырған еңбектерде өкінішке орай, зерттеудің түпнегізіне сілтеме берілмегендіктен, бұл еңбектің түпнегізімен таныса алмадық.

Батыстық тарихнамада кеңестік ұжымдастыру мәселесін ертерек зерттеген авторлар ретінде қазақстандық зерттеушілер 1934 жылы У.Х. Чамберлен, 1936 жылы Аманда Эвальд, 1964 жылы Далримпл Дана деп көрсетеді [6; 13].

Жоғарыда көрсетілген бірінші кезеңге жататын 1930 жылдардың бірінші жартысында жарияланған публицистикалық сипаттағы естеліктер іргелі зерттеу болмаса да, сол кездегі КСРО-дағы ашаршылық туралы алғашқы мәлімет беретін бірден бір дереккөз болып табылады. Бұл кезеңде жарияланған хабарлама мәліметтерден, оқиғаны көзбен көрген куәгерлердің жазбаларынан КСРО аумағындағы ашаршылықтың көлемін байқауға болады. Бұл хабарламаларда Қазақстан туралы мәліметтер болмады және КСРО-дағы ашаршылықтың «қолдан жасалған», «жасанды» сипаты туралы пікірлер қалыптасты. Бұл материалдар проблеманың тарихнамасының бір бөлігі бола отырып, мәселенің жарияланған деректік материалына жатады.

Осылайша, XX ғасырдың 30-жылдарының бірінші жартысында батыстық авторлардың КСРО-дағы аштық туралы тек жүйесіз публицистикалық сипаттағы (есептер, қолжазбалар, жолжазбалар, хабарламалар т.б.) материалдары кездеседі. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басына дейін біз зерттеп отырған проблема, оның ішінде Қазақстан аумағындағы аштық мәселесі батыстық зерттеушілердің тарапынан қарастырылмады. Біздің ойымызша, оның өзіндік себептері бар. Біріншіден, кеңес мемлекетінің шетелдіктер үшін жабық болуы, шетелдік зерттеушілердің болып жатқан оқиғалардың шынайы картинасын көру мүмкіндігінің болмауы; екіншіден, проблеманы жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін архивтік және басқа да материалдардың жоқтығы; үшіншіден, 1930 жылдардағы аштық туралы кеңестік баспасөзде де, тарихи-зерттеулерде де айтылмады, жазылмады. Бұл тақырып КСРО-дағы жабық тақырыптардың бірі болды. Сондықтан шетелдіктер үшін деректік база болмады. Олар тек мәліметтерді аштықтан аман қалып, шетелге көшіп кеткен эмигранттардың, шетелдік инженерлер, жұмысшылардың естеліктерінен алды.

Ал 1940 жылдардың ортасынан бастап батыстық тарихнамада кеңес тарихына қызығушылық пайда бола бастайды. Солардың ішінде АҚШ алғашқылардың қатарында болды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң АҚШ Қорғаныс және Әскери-теңіз күштері министрліктері КСРО-ны зерттеуге арналған бірқатар бағдарламалар әзірлейді. Бұл уақыттың бастапқы кезеңінде зерттеушілер мамандардың жетіспеуі (оның ішінде орыс тілін білетін), КСРО туралы еңбектердің, газет-журналдардың және т.б. болмауы сияқты қиындықтарға тап болды. Бұл қиындықтан АҚШ үкіметі Кеңес Одағы бойынша бағдарламаларды дамыту жөнінде университеттер мен колледждерге мемлекеттік гранттар бөлу арқылы шығады [7; 27]. Соның нәтижесінде, 1940 жылдардың соңы 1950 жылдардың басында кеңес тарихын зерттейтін орталықтар, кеңестанушыларды дайындайтын ғылыми-зерттеу институттары ашыла бастады. Сонымен қатар еуропалық ғылыми қауымдастық та осындай тенденция байқалады. КСРО-ға деген қызығушылық елдің фашизмге қарсы күресте жеңіске жетуі мен «қырғи қабақ соғыстың» басталуымен байланысты және КСРО-ның әрекетін алдын-ала болжау мақсатында пайда болды [7; 28].

Батыста кеңестану бағытындағы зерттеулердің дамуына Кеңес Одағы мен Шығыс Еуропадан келген эмигранттар да ықпал еткендігін айта ету керек. Осыдан кейін 1950-60-жылдары шетелдік тарихнамада көбінесе кеңестік репрессиялық саясат, тоталитаризм проблемаларына қатысты зерттеулер жарыққа шыға бастайды.

Бұдан кейін 1964 жылы американдық ғалым Дана Далримплдің «Советский голод 1932-1934 годов» [8] атты мақаласы жарық көргені болмаса, 1980 жылдарға дейін ашаршылық тақырыбына байланысты проблемалар ғылыми зерттеулерде көрініс таппады деп айтуға болады. Тек XX ғасырдың 80-жылдарының басында ұжымдастыру, колхоз құрылысы мәселелеріне арналған еңбектер жариялана бастады. Осы кезеңде жарыққа шыққан зерттеулерді жіктеуіміздің 2-кезеңіне жатқызамыз.

2-кезең (1980 жылдардың басы — 1990 жылдардың соңы) — кеңестік ұжымдастыру, ұжымдастыру кезіндегі шаруалардың қарсыласу тарихы бойынша алғашқы зерттеулердің пайда болуы. 1980 жылдардың басында қазақ даласындағы ашаршылық туралы батыс жұртшылығын таныстырған Орталық Азия және Қазақстан бойынша танымал американдық сарапшылардың бірі —

Марта Олкотт болды. 1981 жылы оның «Наступление коллективизации в Казахстане» атты мақаласы жарыққа шықты [9]. Жаппай ашаршылыққа ұжымдастыру түрткі болды. Ұжымдастырудың басты идеясы қазақтардың көшпелі өмір салтынан отырықшы өмір салтына күрт ауысуы еді. Себебі, көшпелі жүйе артта қалған жүйе деп есептелді. Сондықтан да батыстық алғашқы еңбектер осы ұжымдастыру процесіне арналды. М. Олкотт өз мақаласында «Коллективтендіру саясаты Қазақстанның экономикалық дамуына, атап айтқанда ауыл шаруашылығын мемлекеттендіру мен жаңғырту және ауылдық жерлерде жаңа әлеуметтік-саяси тәртіпті орнатудың жолын жауып тастады. Бұл бағыт қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп, орасан зор адам шығынына әкелді», – деп тұжырым жасайды. Мақалада Кеңес Одағының қазақтарды ұжымдастыруға деген қызығушылығы және Қазақстандағы ұжымдастырудың кезеңдері талқыланып, 1928-1932 жылдар аралығында мал басы 80%-ға қысқарғандығын айта келе, ұжымдастырудың 4 кезеңін: 1) 1929 ж. қараша — 1930 ж. наурыз — тез ұжымдастыруға ұмтылу; 2) 1930 ж. 3 наурыз — 1932 ж. тамыз — түрлі ұжымдық нысандармен эксперименттер; 3) 1932 ж. қыркүйек — 1934 ж. қараша – ТОЗ немесе жерге орналастыру кооперативін пайдалану арқылы ұжымдастыруды қайта бастау; 4) 1934 жылы желтоқсаннан — ТОЗ-дан неғұрлым жетілдірілген ұжымдық формаларға көшу», – деп көрсетеді [9].

Автор зерттеуі туралы «1970 жылдардың ортасында мен осы тарихи кезеңді зерттеуге кіріскенімде, Ленин кітапханасының арнайы коллекциясында жиналған 1920 жылдың басынан 1930 жылға дейінгі барлық мерзімдік басылымдар мен басқа да баспасөз материалдарына қол жеткізе алғанымды зор табыс деп есептеген едім», – деп атап өтеді [10; 89].

Сонымен қатар американдық зерттеуші Сара Камерон «Голод казахов по данным Западной историографии» атты баяндамасында М. Олкоттың бұл зерттеуі кейін батыстық ғалымдардың қазақ даласындағы ашаршылық тарихын зерттеуге ықпал еткендігін айтады [11; 130].

М. Олкоттың мақаласы Роберт Конквесттің «Жатва Скорби. Советская коллективизация и террор голодом» атты еңбегінің жариялануына негіз болады. Р. Конквест бұл тақырыпқа 1968 жылдан бастап кіріскен [6; 13]. Бұл еңбек 1986 жылы Ұлыбританияда жарыққа шығады. Еңбек негізінен Украинадағы ашаршылық тарихына арналады. Бірақ, ғылыми жұмыстың «Орталық Азия және қазақтар трагедиясы» деп аталатын тарауында автор Орталық Азия мемлекеттерінде ұжымдастыру үдерістері бойынша фактілерге тоқтала келіп, «бұл фактілердің бәрі өз алдына өте қайғылы, қазақтардың орасан зор адами трагедиясының алдында түкке тұрғысыз болып қалады», – дей келе, Қазақстандағы адам шығыны, шаруашылық санының қысқаруы, мал санының қысқаруы бойынша фактілер келтіреді [12; 284-285]. Автор 1932-1934 жылдардағы зұлматтың бастапқы себебін экономикалық және саяси қателіктен емес, большевиктердің адамзат мәдениеті мен оның табиғатын түсінбегендіктен деп білді. «Басқа отаршыл державаның бірде біреуінің тарихында осындай теңдесі жоқ бұрын-соңды болмаған адами және экономикалық апат болмаған, сондықтан оның осындай дағдарыстың себептері мен жағдайлары батыстық мамандардың назарын аударуға лайық», – деп тұжырым жасайды [12; 285].

Р. Конквест зерттеуінде қазақтар арасындағы ашаршылық ұжымдастыру түрінде арнайы ұйымдастырылған науқанның салдары деген пікірді ұстанады. Ол батыстық тарихнамада алғаш рет байлар шаруашылығын тәркілеу және кеңес үкіметінің басқа да жазалау шаралары салдарынан аштықтан құрбан болған қазақтардың санын анықтауға тырысты. Бұл кезеңде жарыққа шыққан еңбектерде архив материалының жабық болуы себепті Р. Конквест өз зерттеуін американдық (У. Чемберлен, Д. Далримпл, М. Левин т.б.), ағылшын (Р. Дэвис), орыс, украин тілдеріндегі (В.П. Данилов, Н.А. Ивницкий, Ю.А. Мошков т.б.) монографияларға, мерзімді баспасөз материалдарына негіздеп жазған. «Жатва Скорби. Советская коллективизация и террор голодом» зерттеуінде Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық шектеулі түрде берілгенмен (тек 1-тарауда ғана қарастырылды), Р. Конквест осы еңбегі арқылы Қазақстандағы ашаршылықтың маңыздылығын көрсетіп берді.

Кеңес заманында аштық тақырыбы жасырын болып, осы тақырыпқа қатысты барлық құжаттар мен мәліметтер құпия түрде сақталды. Кеңес Одағындағы 1980 жылдардың соңындағы жариялылық тақырыптың зерттелуіне сәл де болса жол ашты. Батыс елдерінде жарияланған еңбектердің қатарында «Министерство иностранных дел и Голод» атты еңбекті атап өткен жөн. Бұл кітаптың авторлары Марко Каринник, Ю. Любомир мен Лючик және Богдан С. Кордан 1932-33-жылдардағы Ұлы жұт тақырыбын КСРО тарихындағы ақтандақ беттердің бірі ретінде санады. 1988 жылы шыққан бұл еңбекте аталған проблемалар жаңа қырынан көрінді, атап айтқанда Ресей, Батыс Сібір, Қазақстан және Еділ бойын жайлаған ашаршылық туралы Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігі архивінен

алынған құжаттардың ауқымды топтамасы жарияланды. Сондай-ақ Британдық Сыртқы істер министрлігі тарапынан түпнұсқалық деректерге негізделген кеңес мемлекеті туралы, КСРО-дағы әлеуметтік жағдай, ауыл шаруашылығы, жаппай ұжымдастыру науқаны, ашаршылық тарихына қатысты құжаттарды талдау арқылы ашуға тырысқан [5; 30].

Ұжымдастыру кезеңіндегі кеңестік шаруалардың тағдырына канадалық ғалым, тарихшы Линн Виолла қызығушылық танытқан, мысалы, оның «Лучшие сыны Отечества: рабочие в авангарде советской коллективизации» [13] еңбегін атап көрсетуге болады. Ол ұжымдастыру бойынша кеңестік архив құжаттарына қол жеткізген батыстық мамандардың алғашқыларының бірі болып табылады. Автор алғаш рет 1930 және одан кейінгі жылдардағы КСРО-дағы шаруалар қарсылықтарының формалары мен стратегияларын талқылайды. Еңбектің жекелеген параграфтары сталиндік ұжымдастыру науқанына қатысқан жиырма бес мың жұмысшылардың қызметін қамтыды.

Кенестанушы Чикаго университетінің профессоры Ш. Шпицпатриктің 1994 жылы «Сталинские крестьяне. Социальная история Советской России в 30-е годы: деревня» атты монографиясы жарыққа шықты (орыс тіліндегі нұсқасы 2001 жылы жарияланған) [14]. Автор еңбегінде 1930 жылдардағы колхоз тарихына қатысты И.Е. Зеленин, Н.А. Ивиницкий, М.А. Вылцан және т.б. кеңестік зерттеушілер монографияларын, батыстық Р. Дэвис, М. Левин, Л. Виолла, Р. Конквест зерттеулерін, Ресейлік 5 архивтің 10-нан астам қорын пайдаланған. Сонымен қатар сол кезеңдегі шаруалардың 1930 жылдардағы хаттары, арыз-шағымдары жарияланған мерзімді басылым «Крестьянская газета» газетінің архиві зерттеуде маңызды деректік материал ретінде қолданылған.

Еңбекте автор Қазақстандағы ашаршылық мәселесін тікелей қарастырмаса да, Одақтық контексте астық дайындау мәселесі туралы былай дейді: «Азамат соғысы кезіндегі реквизициялау сияқты астық дайындау науқаны Украина, Солтүстік Кавказ, Орта Еділ аумақтарында шиеленіскен күрес сипатына ие болды. Нақ осы жерлер, сонымен қатар Қазақстан 1932-1933 жылдары ашаршылыққа ұшырады», – деп ұжымдастырудың басты мақсаты ретінде мемлекеттік астық дайындаудың көлемін ұлғайту болғандығын атап көрсетеді [14; 86]. Сонымен қатар ашаршылықтан босып кетуі туралы: «Қазақстаннан көшіп кету бұқаралық сипатқа ие болды. Соңғы жылдары жарияланған кеңестік материалдар бойынша 1932 жылы 2 млн-дай көшпелі қазақ ұжымдастырылған колхоздардан кетіп қалды. Біреулері Қытай шекарасына өтіп кетсе, енді біреулері малдарын Еділ жаққа айдап әкетті. Үшіншілері қайда барарларын білмеді. Қазақтар босып теміржол станциялары мен Қазақстан қалаларында толып кетті. Куәгерлердің айтуынша, Қарағанды маңында босып келген қазақтар қаптап кеткен» деп зерттеуші ұжымдастырудың салдарымен күресу үшін кеңестік шаруалар қабылдаған әртүрлі стратегияларды қарастырады [14; 104].

Л. Виола мен Ш. Фицпатриктің еңбектері ортақ методологиялық әдістерімен ерекшеленеді. Олар мәселені әлеуметтік тарих аясында қарастырады. Яғни, ұжымдастыру жылдарындағы шаруалар жағдайына, олардың ұжымдастыруды қабылдауына сталиндік саясат нәтижесіндегі шаруалар дүниетанымындағы болған өзгерістерге талдау жасайды.

Осылайша, 2-ші кезеңнің яғни, 1980 жылдардың басы — 1990 жылдардың соңында ашаршылық тақырыбын қарастырған батыстық зерттеушілер аштыққа алғышарт болған ұжымдастыру мәселесіне зерттеу жүргізіп, оның тарихын тереңірек зерттеуге назар аудара бастады. Бұл кезеңдегі шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне кеңестік ғылыми еңбектерге, баспасөзге деген қолжетімсіздік, архив құжаттарының құпиялылығы оларға зерттеулерді толық және объективті жүргізуге мүмкіндік бермеді. Шетелдік зерттеушілердің кеңес ғалымдарымен ғылыми ынтымақтастығы болмады. Сонымен қатар шетелдік зерттеушілерге «қырғи қабақ соғыс» айтарлықтай әсер еткенін де назардан тыс қалдыруға болмайды.

3-кезең (1990 жылдардың соңы — 2000 жылдар) — ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық проблемалары арнайы зерттеу нысанына айналып, ашаршылықтың себептері, барысы мен салдары бойынша іргелі монографиялық еңбектер пайда болды. 2000 жылдардан бастап Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық тарихын Отандық зерттеушілермен қоса, батыстық ғалымдар да кеңінен зерттей бастады. Бұл кезеңдегі ерекшелік еуропалық зерттеушілер өз жұмыстарында қазақ көшпелілеріне назар аударды. Осы топтағы еңбектердің жаппай жариялануына зерттеушілер үшін бұрын құпия болған архив қорларының қолжетімді болуы түрткі болды.

Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық тарихына қатысты жарияланған алғашқы монографиялық еңбек француз тарихшысы Изабель Огайонның «Седентаризация казахов в СССР при Сталине» атты еңбегі болды [15]. Еңбекте автор әлеуметтік қайта құру бағдарламасы ретінде

седентаризация саясатын талдау, оның Қазақстан халқының көші-қон саясатына және қайта ұйымдастырылуына әсерін қарастырады. Осы зерттеуде И. Огайон «Ұжымдастыру — азық-түлік салығы отырықшыландыру (седентаризация), байларды тәркілеу сияқты 4 кезеңнен тұратын стратегия мал бағу жүйесінің жойылуының алғашқы салдары болды. 1930 жылы осындай саяси астарлы жаңалықтарды, әсіресе салықтарды енгізу, бұрын-соңды болмаған ашаршылықтың басталуына әкелді», – деп ашаршылықтың себептерін көрсетеді [15; 206-207]. Оның ойынша аштықтың феномені мен салдарын түсіну үшін оның себебін анықтап алу керек, аштықтың ауқымына баға беру үшін оның таралу жолдарын анықтап, оның кезеңдерін қадағалау керек. Сонымен қатар И. Огайон еңбегінде ол, американдық әлеуметтанушы М. Дэвистің анықтамасын келтіреді. Аштық — бұл физикалық сарқылу мен эпидемияға байланысты өлім-жітімнің таралу жылдамдығын арттыратын алдыңғы жеткіліксіз тамақтанудың қатаң салдарын қамтитын құбылыстар жиынтығының бөлігі деп есептейді [15; 207]. Еңбекте аштықты экономикалық тұрғыда талдауда ол белгілі экономист ғалым Нобель сыйлығының лауреаты Амартия Сеннің негізгі тұжырымдарын ұсынады. Амартия Сен Эфиопиядағы мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындардың арасында аштық жер өңдеумен айналысатын тұрғындарға қарағанда тез қарқынмен тарайтындығын салыстырмалы түрде анықтайды. Оның пікірінше, аштық кезінде адам шығыны көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтардың арасында едәуір жоғары болады деп қорытындылайды [15; 208]. Себебі, дәнді дақылдар жетіспеуі жағдайында көшпелілер астық сатып алу үшін малдарын сатуға мәжбүр болады, соның салдарынан нарықта ауыл шаруашылық өнімдерінің көптеп келуі олардың бағасының түсуіне әкеледі де, нәтижесінде көшпелі халықты кедейлікке әкеліп соғады деп тұжырым жасайды. Бұл Амартия Сеннің бұл тұжырымынан қазақ даласындағы аштық кезінде отырықшы аудандарға қарағанда көшпелі аудандардағы халық аштыққа көбірек ұшырағандығының ұқсастығын көруге болады.

Француз тарихшысының бұл зерттеуі ҚР Орталық Мемлекеттік архиві қорындағы көші-қон басқармасы, Отырықшыландыру бойынша комитет, ҚазКСР Халық комиссарлар кеңесі, Орталық атқару комитеті, кәмпескелеу бойынша комитет және т.б. ұйымдардың оннан астам құжаттары, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары ауыл тұрғындарынан алынған сұхбат материалдары, сонымен қатар орыс, қазақ, француз, ағылшын, итальян тілдерінде жарыққа шыққан еңбектер негізінде жазылғандығымен құнды болып табылады. Ашаршылықты тудырған себептерді қарастыра отырып, И. Огайон оның себебін мал дайындау науқаны деп көрсетеді.

Бұл проблеманың тағы бір аспектісі — Қазақстандағы ашаршылық себептері туралы мәселе болып табылады. Сондықтан осы кезеңге жататын батыстық еңбектерде аштықтың себептерін анықтауға ерекше назар аударылды. Атап айтатын болсақ, Кеңестер Одағындағы экономика тарихын зерттеуші ғалымдар Р. Дэвис пен С. Уиткрофт «Годы голода. Сельское хозяйство СССР. 1931-1933» атты ортақ еңбектерінде КСРО-дағы ауылшаруашылығының жағдайын, кеңес үкіметінің ауылшаруашылығына қатысты саясатын қарастыра отырып, «1928 жылдан 1933 жылға дейін Қазақстанда мал басы КСРО-ның қалған аумақтарына қарағанда жылдам қысқарғандығын және мал санының азаюы әсіресе республиканың шөлейт орталық аудандарында мал өсірген көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарға қатты әсер еткендігін, мал шаруашылығының күйреуі қазақтың дәстүрлі өмір салтының бұзылуымен қатар жүргендігін» атап өтеді [16; 329]. Еңбекте Қазақстандағы ашаршылық толық қарастырылмаса да, авторлар қазақ даласында ашаршылыққа себеп болған өзара байланысты бес факторды көрсетеді. 1) ұжымдастыру және тәркілеу; 2) қазақ халқын отырықшылыққа көшіру; 3) малды мәжбүрлеп тартып алу; 4) ауқымды астық дайындау (оларға жоспарлар жүк көтеретін аудандарға да қатысты); 5) ауқымды мал дайындауды көрсетеді [16; 329-332]. Сонымен қатар еңбекте КСРО-ның аграрлық саясатының топтамасын — егін егуден бастап 1931 жылғы жоспарлау кезеңіне дейін жан-жақты қарастырылып, 1932-1933 жылдардағы ұжымдастыру науқаны бойынша нақты фактілер келтіріледі. Авторлар Ресей мен Украина архивтерінің 30-дан астам қорларындағы кеңестік орталық ведомстволардың құжаттарын мұқият зерттей келе, аштықтың экономикалық және әлеуметтік алғышарттарына ерекше назар аударады.

Қазақстандағы ашаршылық тарихын зерттеуші итальяндық ғалым Николо Пианчоло: «Ресей және Қазақстан архивтерінен жаппай күштеп седентаризациялаудың бірде-бір құжаттық дәлелін таппадым. Осылайша, 1930-1932 жылдардағы отырықшыландыру науқанын аштықтың негізгі себептерінің бірі деп санауға болмайды. Қазақтардың жаппай қырылу себептерін түсіну үшін отырықшылыққа көшу жөніндегі үгіт-насихат науқанынан алшақтап, кеңестік «тұтыну иерархиясына» назар аудару қажет», – деп тұжырымдайды [17; 88-89]. Оның пікірінше, қазақ даласында ашаршылықты тудырған 2 негізгі факторды анықтайды: ауқымды мал дайындау және

ауқымды астық дайындау. Қазақстанда жүзеге асырылған мал дайындау көлемі малдың азаюының және кейіннен қазақтар арасындағы ашаршылықтың негізгі себебі болды деп көрсетеді [18].

Сонымен қатар Н. Пианчола «ашаршылық кезінде қазақтардың жаппай қырылуы шеткі аймақтардан келіп жатқан ақпаратқа сенбейтін және өзі жүргізіп жатқан саясаттың адами бағасына қызығушылық танытпайтын орталықтың шешімдерінің салдары болды» [1; 110], – деген қорытындыға келеді. Н. Пианчоланың еңбектерінде де Ресей (РГАСПИ, РГАЭ т.б.), Қазақстан (ҚР ОМА, ҚР ПА) архивтерінен алынған бірқатар құжаттар ғылыми айналымға енгізілген.

Н. Пианчолаға қарағанда неміс тарихшысы Р. Киндлер «Ашаршылық Орта Азиядағы большевиктердің ең ауқымды қоғамдық-саяси экспериментімен — қазақ көшпенділерін отырықшылыққа көшірумен тығыз байланысты болды. Азық-түлік дағдарысы, отырықшылыққа мәжбүрлеу салдары апатты ашаршылыққа айналды, ал ашаршылық салдарынан қазақтардың көпшілігі ақыры отырықшы болды. Кеңестендіру аштық арқылы жүзеге асырылды», – деп есептейді [19; 7-8]. Роберт Киндлер, бір жағынан, көптеген төменгі деңгейдегі әкімшілер отырықшылыққа көшіру науқанын елемегенін растайды. Сонымен бірге, ол «отырықшылыққа көшу» ұранымен мемлекеттік ұйымдар көшпелі халықтан малды толығымен тартып алған жағдайларды сипаттайды. Неміс ғалымы Р. Киндлер зерттеуінде Ресей, Қазақстан архивтерінде сақталған 30-дан астам қордың құжаттарын зерделеп, аштықтан зардап шеккен қоғамның «өз ішіндегі» қақтығыстың динамикасын, КСРО құлағанға дейін және одан кейінгі қазақ қоғамындағы осы қайғылы оқиғаны еске түсіруді киіндатқан факторлардың бірі болды деп санайды.

Батыс тарихшыларының ішінде қазақ ашаршылығының Украина жеріндегі ашаршылықтан артық болмаса кем болмағанын, ал тигізген зардаптары жағынан одан да қорқынышты болғанын жариялаған американдық ғалым Сара Камерон болды. Ол «Аштық жайлаған дала» еңбегінде Ресей Федерациясы мен Қазақстан (Алматы, Семей қалалары) архивтерінің 40-тан астам қорларынан алынған құжаттарға сүйене отырып жазады. Ол ашаршылықтың басты себебі ретінде мемлекетті ет және астықпен қамтамасыз ету науқанымен қатар күштеп жүргізілген кеңестік ұжымдастыру екендігіне назар аударады. Сонымен қатар егін екпейтін көшпелілерге астық салығын салу, оның салдарынан малдарын астыққа айырбастау арқылы қолдағы малынан айрылу; астық бағасы шарықтап өсіп, малдың тауарлық құны төмендеуі де астық салығының ауыртпалығын еселеп жіберген. Қазақ ашаршылығының басты себебі сталиндік саясат болғанымен, XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде Ресейдің империялық саясатымен қазақ жеріне орыс шаруаларының қарқынды қоныстануы да дәстүрлі шаруашылық жүйесіне ашаршылыққа алып ұрындыратын ауыр соққы болғандығымен байланыстырады [20; 35-36].

Сара Камерон Қазақстан мен Шыңжаң арасындағы шекарадағы жағдайды талдай отырып, зорлық-зомбылық мәселесін де назардан тыс қалдырмады, оны ұжымдастыру жылдарында КСРО-дан қашқан 200 000-ға жуық адам кесіп өтті. С. Камерон КСРО-ның осы шығыс шекарасы бойындағы мемлекеттік органдар тарапынан туындаған зорлық-зомбылық Батыс шекараларда Румынияға немесе Польшаға ұжымдастыру мен аштықтан қашқандарға қолданылатын шараларға қарағанда едәуір күшті екенін көрсетті [20; 213]. 1930 жылдардағы ашаршылыққа алғышарт болған тарихи оқиғалар мен құбылыстарды зерттей келе, Н. Пианчола мен С. Камерон ашаршылыққа себеп болған фактор ретінде астық дайындау науқанын көрсетеді.

Батыстық зерттеушілердің назар аударатын маңызды аспектілерінің бірі — ол Қазақстандағы ашаршылық салдарынан болған демографиялық шығындар мәселесі. Ол бойынша жоғарыда қарастырған зерттеушілер келесі цифрларды ұсынады: И. Огайон — 1 150000–1 420000 мың [15; 207]; Р. Конквест — 1 000000 [12; 443]; М. Олкотт — 1 500000 [10; 122-142]; Р. Дэвис, Уиткрофт — 1 200000 [16; 416]; С. Камерон [20; 246]; Р. Киндлер [19; 226]; Н. Пианчола — 1 300000 [21; 106].

Бұлардың бірде-бірі түпкілікті әрі нақты емес, сондықтан бұл мәселе әлі ашық күйінде қалып отыр. Ашаршылық салдарынан болған адам шығынына қатысты сандардың осындай әр алуан болуына себеп 1930 жылдардың бірінші жартысы бойынша статистикалық мәліметтердің жоқтығынан. Бұдан басқа, қазақ даласында туу, өлім-жітімді тіркейтін ұйымдардың дұрыс жұмыс жасамауы немесе мүлдем болмауы сияқты мәселелер статистикалық мәліметтердің жоқтығына себеп болуы мүмкін деп ойлаймыз. Жоғарыда көрсетілген отандық және шетелдік зерттеушілердің ашаршылықтан болған адам шығынын бағалауды олардың негізділігі мен құжатталуы әр түрлі болғандықтан нақты деп санауға болмайды. Көбінесе зерттеулерде адам шығынына қатысты шамалап алынған есептеулерге негізделген алуан түрлі цифрлар беріледі. Сонымен қатар осы мәселені зерттеу

барысында облыстық және аудандық архивтерде жүргізілген жұмыстар нәтижесінде халық санын көрсететін жүйелі статистикалық архивтік дерек өкінішке орай авторларға әлі кездеспеді.

Ашаршылық тарихы мәселесін қарастыруда назар аударатын проблема ашаршылыққа «геноцид» деп баға беру болып табылады. Бұл мәселе қазіргі қоғамда қызу талқыланып жүрген проблема. Осы мәселеге қатысты Батыс Вирджини университетінің профессоры М. Таугер ашаршылық геноцидтің көрініс болды ма? – деген сұраққа жауап беру үшін бізге тарих методологиясын, «аштық» және «геноцид» түсінігі анықтамаларын қарастыруымыз керек деп жазады [22].

М. Таугер зерттеуінде бұл мәселе туралы: «Тарихшылар көпжылдық жұмысының нәтижелері бойынша ғылыми зерттеу процесіне белгілі бір іргелі әдіс-тәсілдерді әзірледі, бұл оларға қателіктерден және дұрыс емес дәлелдерді қолданудан аулақ болуға көмектеседі. Бұл әдіс-тәсілдер тарихшы немесе тарихи тақырыптарды зерттейтін кез келген адамға өз еңбегін идеология немесе насихат құралы ретінде емес негізді етіп жазуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихшылар белгілі бір оқиғаларды зерттеу барысында барынша мол дерек көздерін кеңінен пайдалану қажет. Бұнымен қоса, сол мәселеге қатысты өзінің пікіріне, көзқарасына сәйкес келмейтін дәлелдерді де назардан тыс қалдырмау керек. Баламалы көзқарастарды елемейтін зерттеуші құнды ғылыми зерттеу жұмысын ұсына алмайды. Егер зерттеуші өзінің нұсқасы жалғыз болып көріну үшін балама көзқарастарды әдейі жасырса, мұндай зерттеушінің еңбегін насихаттық құрал деп бағалауға болады», – деп тұжырымдайды М. Таугер [22; 7-8]. Сондықтан да қазақ халқының тарихындағы ашаршылық мәселесін қарастыруда қателіктерден аулақ болып, тек біржақты көзқарасты ұстанбауымыз керек деп ойлаймыз.

Көптеген отандық ғалымдар 1930 жылдардағы ашаршылықты қазақ халқына жасалған «геноцид, этноцид» деп бағалайды. Ал шетелдік (батыстық) ғалымдар (М. Олкотт, С. Уиткрофт, Р. Дэвис, Р. Киндлер, И. Огайон, С. Камерон және басқалар) Қазақстандағы аштық геноцид емес, қазақтардың аштықтан жаппай қырылуы «олардың көшпелі өмір салтына байланысты» және большевиктердің адамзат мәдениеті мен оның табиғатын түсінбегендіктен деп білді. Мысалы, итальяндық зерттеуші Пианчола Мәскеудің қазақтарды этникалық топ ретінде жоюды өзіне міндет етіп қоймағандығын айта отырып [17; 83], ашаршылықты «геноцид» деп қарастыруға болмайтынын айтады. Жалпы, ашаршылық тарихын зерттеген шетелдік (батыстық) ғалымдар бұл мәселені «геноцид» ретіндегі бағалаудың идеологиялық тұстарынан аулақ болғанды қалайды.

Сонымен, 3-кезеңде (1990 жылдардың соңы — 2000 жылдар) шетелдік зерттеушілер 1930 жылдардағы ашаршылық тарихын зерттеудің әртүрлі аспектілерін зерттеу бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Зерттеушілер еңбектерінде тек КСРО ғана емес, Қазақстандағы ашаршылық тарихына мән бере бастады. Олар КСРО-дағы ауылшаруашылығының жағдайын, кеңес үкіметінің ауылшаруашылығына қатысты саясатын қарастыра отырып, мал санының азаюы, мал шаруашылығының күйреуі қазақтың дәстүрлі өмір салтының бұзылуымен қатар жүргендігін, ашаршылыққа себеп болған факторларды, аштықтың феномені мен салдарын, аштықтың ауқымын, таралу жолдарын, кезеңдерін және аштықты экономикалық тұрғыда талдауда түрлі концепцияларға назар аударды. Олардың еңбектері 1930 жылдардағы ашаршылық тарихнамасындағы кейінгі зерттеулерге өзіндік серпін берді.

Қорытынды

XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық тарихы мәселелеріне қатысты батыстық тарихнамадағы зерттеулерді қарастыра отырып, келесі қорытындыларға келдік:

- 1930 жылдардағы батыстық тарихнамалық зерттеулерде ашаршылық тарихы сол кезеңдегі куәгерлердің (журналист, саяхатшы, фотограф) қолжазбаларында, газет беттеріндегі хабарламаларда көрініс тауып, ашаршылыққа «қолдан жасалған, жасанды» деген баға берілді;
- 1930 жылдардың соңынан (тек 1960 жылдары жекелеген зерттеушілер ғана айналысты) 1980 жылдарға дейін батыстық тарихнамада бұл проблемаға қатысты түбегейлі зерттеулер жүргізілген жоқ;
- 1980 жылдардың басынан бастап батыстық зерттеушілер ұжымдастыру мәселесіне арналған іргелі зерттеулер жариялай бастады;
- архив құжаттарының құпиялылығы мен баспасөздің қолжетімсіз болуы, «қырғи қабақ соғыс» салдары зерттеулерді толық және объективті жүргізуге мүмкіндік бермеді;
- КСРО-ның ыдырауы, яғни 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдарда ашаршылық тарихын зерттеуге жаңа серпін берді;

- 2000 жылдардан бастап Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық тарихын Отандық зерттеушілермен қоса, батыстық ғалымдар да кеңінен зерттей бастады және еуропалық зерттеушілер өз жұмыстарында қазақ көшпелілеріне баса назар аударды;

- батыстық зерттеушілер еңбектерінде 1930 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықтың себебі ретінде: ұжымдастыру, кәмпескелеу, отырықшыландыру саясаты, мал, ет, астық дайындау, т.б. кеңес саясатының қателігі деп көрсетті;

- батыстық зерттеулердің Қазақстандық тарихшылардың жекелеген жұмыстарынан ерекшелігі мол архив материалдарына негізделіп жазылуында.

Жалпы батыстық зерттеушілер 1930 жылдардағы ашаршылық тарихын бастапқыда Кеңес Одағы шеңберінде қарастырып, айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Олардың еңбектері әлемдік әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар жүйесінде лайықты орын алды. Дегенмен, XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ даласындағы ашаршылық мәселесіне арналған ғылыми еңбектер әлі де мұқият, әсіресе аймақтық аспектіде назар аударуды қажет етеді және олар өз кезегінде жана ізденістерге мүмкіндік береді деп сеніммен айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Пианчола Н. Европейская и американская историография о великом голоде в Казахстане / Н. Пианчола // Отан тарихы. — 2015. — № 2. — С. 100–126.
- 2 Малколм Маггеридж. Хроника загубленного времени [Электронный ресурс] / Маггеридж Малколм // Отечественные записки. — 2013. — № 6. — Режим доступа: <https://strana-oz.ru/2013/6/hroniki-zagublenno-go-vremeni>.
- 3 Из документации Международного союза против III Интернационала (Международная Антанта) о голоде в СССР за июль–август 1933 г. 1 сентября 1933 г. // Источник: Голод в СССР. 1929–1934. — Т. 3. Лето 1933–1934 гг. — М.: МФД, 2011. — С. 499–503.
- 4 От небесных гор до Красных песков: Путешествие Эллы Майяр в Туркестан в 1932 году. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://fergananews.com/articles/6453>.
- 5 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты / Б.Ф. Аяған редакциясымен. — Алматы: Литера М, 2012. — 336 б.
- 6 Аяған Б.Ф. Ашаршылық ақиқатына жаңаша көзқарас / Б.Ф. Аяған // Мемлекет тарихы. — 2012. — №2. — Б. 9-16.
- 7 Крестьянство Казахстана в послевоенное десятилетие: социальная трансформация и повседневность / под. общ. ред. М.М. Козыбаевой. — Алматы: ИП «Мадияр», 2022. — 336 с.
- 8 Dana G. Dalrymple. The Soviet famine of 1932–1934; some further references / G. Dana. [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.tandfonline.com/doi/epdf/10.1080/09668136508410434?needAccess=true>.
- 9 Martha Brill Olcott. The Collectivization Drive in Kazakhstan. — [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.jstor.org/stable/129204?origin=crossref>.
- 10 Олкот М. Ұжымдастыру мен ашаршылықты зерттеу мәселелері / М. Олкот // «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы (31 мамыр — 1 маусым). — Астана, 2012. — 400 б.
- 11 Камерон С. Батыс тарихнамасы мәліметтері бойынша қазақтардың ашаршылығы / С. Камерон // «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы (31 мамыр — 1 маусым). — Астана, 2012. — 400 б.
- 12 Конквест Р. Жатва скорби: советская коллективизация и террор голодом [Электронный ресурс] / Р. Конквест; пер. с англ. И. Коэн, Н. Май; под. ред. Хейфеда. — Режим доступа: http://sd-inform.org/upload/books/Antitotalitarism/Repressii/zhatva_skorbi.pdf.
- 13 Viola L. The Best Sons of the Fatherland: Workers in the Vanguard of Soviet Collectivization. — New York, 1987. — 255 p.
- 14 Фицпатрик Ш. Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы: город / Ш. Фицпатрик. — М.: РОССПЭН, 2001. — 336 с.
- 15 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945 гг.) / И. Огайон. — Алма-Ата: Санат, 2009. — 368 с.
- 16 Дэвис Р. Годы голода. Сельское хозяйство СССР. 1931–1933 / Р. Дэвис, С. Уиткрофт. — М., 2011. — 543 с.
- 17 Пианчола Н. Сталинская «иерархия потребления» и великий голод [Электронный ресурс] / Н. Пианчола. — Режим доступа: <https://www.academia.edu/37560126/>.
- 18 Пианчола Н. Великий голод в Казахстане: контекстуализация, сравнение, концептуализация [Электронный ресурс] / Н. Пианчола. — Режим доступа: <https://us02web.zoom.us/j>.
- 19 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Р. Киндлер. — М.: Полит. энцикл., 2017. — 382 с.
- 20 Камерон С. Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана / С. Камерон. — М.: Новое литературное обозрение, 2020. — 490 с.

21 Корнилов Г.Е. Голод в Казахской АССР в 1930-е годы: историографический дрейф [Электронный ресурс]. / Г.Е. Корнилов. — Режим доступа: http://modernhistory.ru/f/kornilov_1.pdf

22 Таугер М. Голод, голодомор, геноцид [Электронный ресурс] / М. Таугер. — Режим доступа: <https://istmat.org/files/uploads/66067/tauger.pdf>

З.Г. Сактаганова, Т.К. Сакабай, К.Т. Бодеев

К проблемам истории голода в Казахстане в западной историографии (1931–1933 гг.)

В статье на основе опубликованных исследований западных ученых авторами была выявлена степень изученности проблемы голода в Казахстане в 1931–1933 гг. Историографический материал был разделен на три группы по хронологическому признаку. Первая группа включает труды, относящиеся к первой половине 1930-х гг.; вторая — начало 1980-х–конец 1990-х гг.; третья группа — конец 1990-х–2000-е гг. Авторами даны краткий анализ источниковой базы европейских исследователей, проблематика охвата их трудов. В трудах западных исследователей было уделено внимание проблемам коллективизации, оседания, заготовки мяса и зерна. Нашли освещения такие аспекты, как причины, масштабы и последствия голода, демографические потери. По мнению западных ученых, голод в СССР не был запланированным мероприятием, а стал результатом непродуманной политики руководства советской власти. Государственная политика была направлена на получение источников экономических ресурсов от сельского населения.

Ключевые слова: западная историография, голод, трагедия, коллективизация, мясозаготовка, хлебозаготовка, периодизация, причины голода, демографические потери.

Saktaganova Z.G., Sakabay T.K., Bodeyev K.T.

On the Problems of the History Famine of 1931–1933 in Kazakhstan in Western Historiography

In this article, based on the published studies of Western scientists, the authors revealed the degree of study of the problem of hunger in Kazakhstan in 1931-1933. The historiographical material was divided by the authors into three groups on a chronological basis. The first group includes works related to the first half of the 1930s; the second group – the beginning of the 1980s – the end of the 1990s; the third group – the end of the 1990s - 2000s. The article provides a brief analysis of the source base of European researchers, the problems of coverage of their works. In the works of Western researchers, attention was paid to the problems of collectivization, settling, meat and grain harvesting. Such aspects as the causes, scale and consequences of famine, demographic losses have been highlighted. According to Western scientists, the famine in the USSR was not a planned event, but was the result of an ill-conceived policy of the leadership of the Soviet government. The state policy was aimed at obtaining sources of economic resources from the rural population.

Keywords: western historiography, famine, tragedy, collectivization, meat procurement, grain procurement, periodization, causes of famine, demographic loss.

References

- 1 Pianchola, N. (2015). Evropeiskaia i amerikanskaia istoriografiia o velikom golode v Kazakhstane [European and American historiography of the great famine in Kazakhstan]. *Otan tarikhy — History of the Homeland*, 2, 100–126 [in Russian].
- 2 Maggeridzh, Malkolm (2013). Khronika zagublenogo vremeni [Chronicle of a ruined time]. *Otechestvennye zapiski — Domestic notes*, 6. Retrieved from <https://istmat.org/node/43600> [in Russian].
- 3 Iz dokumentatsii Mezhdunarodnogo soiuzu protiv III Internatsionala (Mezhdunarodnaia Antanta) o golode v SSSR za iul–avgust 1933 g. 1 sentiabria 1933 g. [From the documentation of the International Union against the Third International (International Entente) on the famine in the USSR for July-August 1933, September 1, 1933]. Retrieved from <https://istmat.org/node/43600> [in Russian].
- 4 Ot nebesnykh gor do Krasnykh peskov: Puteshestvie Elly Maiiar v Turkestan v 1932 godu [From the Heavenly Mountains to the Red Sands: Ella Mailland's Journey to Turkestan in 1932]. Retrieved from <https://ferg ananews.com/articles/6453> [in Russian].
- 5 Ayagan, B.G. (Ed.). (2012). 1932-1933 zhyldardagy asharyshlyq aqiqaty [The truth of the Famine of 1932-1933]. Almaty: Litera M [in Kazakh].

- 6 Ayagan, B.G. (2012). Asharshylyq aqiqatyna zhanasha kozqaras [A new look at the truth of famine]. *Memleket tarikhly — History of the state*, 2, 9-16 [in Kazakh].
- 7 Kozybayeva, M.M. (Ed.). (2022). Krestianstvo Kazakhstana v poslevoennoe desiatiletie: sotsialnaia transformatsiia i povsednevnost [The peasantry of Kazakhstan in the post-war decade: social transformation and everyday life]. Almaty: IP «Madiiar» [in Russian].
- 8 Dana, G. Dalrymple. The Soviet famine of 1932–1934; some further references. Retrieved from <https://www.tandfonline.com/doi/epdf/10.1080/09668136508410434?needAccess=true>.
- 9 Olcott, M. (1981). The Collectivization Drive in Kazakhstan. *The Russian Review*. Retrieved from <https://www.jstor.org/stable/129204?origin=crossref>.
- 10 Olcott, M. (2012). Uzhymdastyru men asharsylyqy zertteu maseleleri [Problems of collectivization and famine research]. “Qazaqstandagy asharsylyq: khalyq qasireti zhane tarykh tagylymy” atty Khalykaralyq gylimi konferentsiia materialdarynyn zhinagy (31 мамыр – 1 маусым 2012 жыл) — *Famine in Kazakhstan: the tragedy of the people and the lessons of history. Collection of materials of the International scientific conference* (pp. 87-90). Astana [in Kazakh].
- 11 Kameron, S. (2012). Batys tarikhnamasy malimetteri boiynsha qazaqtardyn asharsylygy [According to Western historiography, the Famine of the Kazakhs]. “Qazaqstandagy asharsylyq: khalyq qasireti zhane tarykh tagylymy” atty Khalykaralyq gylimi konferentsiia materialdarynyn zhinagy (31 мамыр – 1 маусым 2012 жыл) — *Famine in Kazakhstan: the tragedy of the people and the lessons of history. Collection of materials of the International scientific conference* (pp. 126-133). Astana [in Kazakh].
- 12 Konkvest, R. Zhatva skorbi: sovetaskaia kollektivizatsiia i terror golodom [Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and Terror by Famine]. Retrieved from http://sd-inform.org/upload/books/Antitotalitarizm/Repressii/zhatva_skorbi_.pdf. [in Russian].
- 13 Viola, L. (1987). *The Best Sons of the Fatherland: Workers in the Vanguard of Soviet Collectivization*. New York.
- 14 Fitspatrik, Sh. (2001). Povsednevnyi stalinizm. Sotsialnaia istoriia Sovetskoi Rossii v 30-e gody: gorod [Everyday Stalinism. Social History of Soviet Russia in the 30s: the city]. Moscow: ROSSPEN [in Russian].
- 15 Ogajon, I. (2009). Sedentarizatsiia kazakhov SSSR pri Staline. Kollektivizatsiia i sotsialnye izmeneniia (1928–1945 gg.) [Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and Social Change (1928–1945)]. Alma-Ata: Sanat [in Russian].
- 16 Devis, R., & Uitkroft, S. (2011). Gody goloda. Selskoe khoziaistvo SSSR. 1931–1933 [Years of Hunger. Agriculture of the USSR. 1931–1933]. Moscow [in Russian].
- 17 Pianchola, N. Stalinskaia «ierarkhiia potrebleniia» i velikii golod [Stalin's "hierarchy of consumption" and the Great Famine]. Retrieved from: <https://www.academia.edu/37560126/> [in Russian].
- 18 Pianchola, N. Velikii golod v Kazakhstane: kontekstualizatsiia, sravnenie, kontseptualizatsiia [The Great Famine in Kazakhstan: Contextualization, Comparison, and Conceptualization]. Retrieved from <https://us02web.zoom.us/j> [in Russian].
- 19 Kindler, R. (2017). *Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane* [Stalin's nomads: power and hunger in Kazakhstan]. Moscow: Politicheskaiia entsiklopediia [in Russian].
- 20 Kameron, S. (2020). Golodnaia step. Golod, nasilie i sozdanie sovetского Kazakhstana [The Hungry Steppe. Hunger, violence and the creation of Soviet Kazakhstan]. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie [in Russian].
- 21 Kornilov, G.E. Golod v Kazakhskoi ASSR v 1930-e gody: istoriograficheskii dreif [Famine in the Kazakh ASSR in the 1930s: Historiographical Drift]. Retrieved from http://modernhistory.ru/f/kornilov_1.pdf. [in Russian].
- 22 Tauger, M. Golod, golodomor, genotsid [Famine, Holodomor, Genocide]. Retrieved from <https://istmat.org/files/uploads/66067/tauger.pdf>. [in Russian].